Бекітемін
ЖШС «Растишка» балабақшасының
меңгерушісі
Утенова А.Р.

2021 - 2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

Перспективалық жоспар

Білім беру салалары	Денсаулық Дене шынықтыру-3.0	Қатынас Көркем әдебиет- 0,5 (1-3) Орыс тілі- 0,5 (2-4) Сөйлеуді дамыту- 1,0	Таным Жаратылыстану-1.0 Математика негіздері-1,0 Құрастыру-0,5 (1-3)	Шығармашылық Сурет- 1,0 Жапсыру- 0,25 (1) Мүсіндеу- 0,25 (3) Музыка -1,5	Әлеумет Қорш.орта.тан.-0,5 (2-4)
Өтпелі тақырып	«Балабақша» **Мақсаты:** Балалардың балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру, ондағы ережелерді білуге, достарын жақсы көруге және көмек беруге үйрету. **Міндеттері**: Балаларды сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу. Балабақшада алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдайын ұйымдастыру. Достық туралы түсініктерін дамыту.				
Жасы	Ортаңғы топ (3-4 жас), бірінші жарты жылдық				
Айы,жылы	Қыркүйек айы, 2021жыл				
1 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Жүру** **Мақсаты:** Тапсырманы орындай отырып, бір- бірлеп тізбекпен жүріп, шашырап жүгіре алады. Қолдарымен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіре алады. Тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүре алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Екі аяқпен секіру** **Мақсаты:**	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:«Біздің балабақшада»** **Мақсаты:** Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктер алады. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамытып, құрмет пен сүйіспеншілік сезімдері және өзара сыйластық білдіре алады. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Менің балабақшам»** **Мақсаты:** Балалар балабақша өмірімен, топ бөлмесімен	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы:** **«Балабақшадағы өсімдіктер қалай өседі»** **Мақсаты:** Балабақшадағы өсімдіктердің қалай жетіліп, өсіп дамуы туралы түсініктер алады. Бақылау жұмыстары арқылы балалардың табиғатқа деген көқарасы кеңейіп, экологиялық тәрбие алады. **2. Математика негіздері.** **Тақырыбы: «Бір және көп, көп заттарды салыстыру және**	**1.Сурет салу** **Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым»** **Мақсаты:** Балаларқылқаламды дұрыс ұстай алады. Қылқаламды бояуға батырып, қағаз бетінде із қалдыру дағдыларын қалыптастырып, ұқыпты жұмыс жасай алады. **2.Музыка** Педагог жоспары бойынша **3. Жапсыру** **Тақырыбы: «Достарыма арналған үй»**	

	Екі аяқпен секіру: Кіші тірек аланқайында тепе-теңдік сақтап жүріп, алға қарай екі аяқпен секіре алады. Кішкентай допты еденге ұрып және жоғарыға лақтырып, оны қағып алады. **3. Дене шынықтыру Тақырыбы:Бір қатарлы саппен жүру** **Мақсаты:** Бір қатарлы саппен жүріп, адымдап, тізені жоғары көтеріп жүре алады. Орташа деңгейде жүгіріп, тыныс алу жаттығуларын жасап, екі қатарлы сапқа тұра алады.	танысып, ондағы жиһаз атауларын атап, олардың қызметі туралы әңгімелей алады. Сұрақтарға жауап беріп, диалогтік сөйлей алады. Балабақшадағы жиһаздарды ұқыпты ұстай алады.	**арасындағы сәйкестіктерді орнату. Үлкен және кіші. Шеңбер (өзге фигуралар арасынан табу)»** **Мақсаты:** Заттарды санына қарай салыстырып, бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайта алады. Санаудың дұрыс тәсілдерін қолдана отырып, заттарды санай алады. Екі топтағы заттарды бір –бірімен салыстырып, шеңбер туралы өткенді (оны өзге геометриялық фигуралар арасынан табу) пысықтай алады. Ұқыптылықпен, ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасай алады. **3. Құрастыру Тақырыбы:«Біздің балабақшаның ауласы»** **Мақсаты:** Балалабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасайалады. Ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілетін дамытып, өздері ойнайтын құрал-жабдықтарға ұқыптылықпенқарай алады.	**Мақсаты:** Қоршаған орта және үй туралы білімдері кеңейіп, қайшымен жұмыс істей алады. Тіктөртбұрыш, шаршылармен үйдің қабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіне алады. **4. Музыка** Педагог жоспары бойынша	
2 апта	**1. Дене шынықтыру Тақырыбы:Бір**	**1. Орыс тілі** (Орыс тілі	**1. Жаратылыстану Тақырыбы:«Мен және**	**1. Сурет салу Тақырыбы:«Не салғым**	**1. Қоршаған ортамен таныстыру**

	орыннан ұзындыққа секіру **Мақсаты:** Бір орыннан ұзындыққа секіре алады. Бір орыннан ұзындыққа секіріп, допты жоғары қарай дақтырып және оны қағып алуғажаттыға алады.Бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіре алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Тепе-теңдікті сақтау** **Мақсаты:** Түрлі тәсілдермен жүріп, тепе-теңдікті сақтап жүре алады.Жылдамдық пен ептіліктерін дамыта алады. Салауатты өмір салтын сақтай алады. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Бір қатарлы саппен жүру** **Мақсаты:** Бір қатарлы саппен жүру, адымдап, тізені жоғары көтеріп жүру, орташа деңгейде жүгіру, тыныс алу	жетекшілігімен) **Тема: «Кто это?»** **Цель:** Обучать детей умению проговаривать слова приветствия и прощания на русском языке хором и индивидуально; умению слушать, запоминать, понимать вопрос и отвечать на него на русском языке; развивать артикуляционный аппарат, произносить гласные звуки «А», «И», «О»; воспитывать дружеское отношение друг к другу. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Менің тобым»** **Мақсаты:** (сурет бойынша әңгімелеу) Сурет мазмұнына қарай әңгіме құру білігін жетілдіре алады. Сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыта алады. Балабақшағадеген сүйіспеншілік пен қамқорлық жасай алады.	**менің достарым»** **Мақсаты:** Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттығып, топтағы балаларды атымен атай алады. Адамдармен қарым-қатынаска түсіп, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсінік алады. Құрдастарын сыйлай алады. **2. Математика негіздері.** **Тақырыбы: «3 және 4 сандарын салыстыру, үлгі бойынша санау, жұмбақтар. Жыл мезгілдері (күз). Оң жақта, сол жақта»** **Мақсаты:** Санау тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санай алады.(4көлеміндегі сандар) үлгі бойыншасанап, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтай алады. Жыл мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп (күз), заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе біле алады. Қағаз бетінде бағдарлай алады.	**келсе соны саламын»** **Мақсаты:** Дөңгелек және сопақша бейнелер жасап, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей алады. Шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұқыптылық көрсете алады. **2. Музыка** **Тақырыбы:** **Мақсаты:** Педагог жоспары бойынша	**Тақырыбы:«Балабақша бөлмесі»** **Мақсаты:** Балабақша ішінде орналаскан жатын бөлме, асхана, кір жуатын т.б бөлмелермен таныса алады. Әр бөлмедегі жұмыс туралы, оған қажетті құрал-саймандардың атын, неден жасалғандығып айтып, біліктіліктерін дамыта алады. Балабақша ішін таза ұстап, үлкендердің еңбегін сыйлай алады.

	жаттығулары, екі шеңбер құрып тұра алады.				
3 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру** **Мақсаты:** Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастырып, қырымен жіптің үстінен аттап секіре алады. Ұзындыққа қапшықты лақтырып, жүрумен кезектестіріп жүгіре алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** **Гимнастикалық орындық үстінде жүру.** **Мақсаты:** Гимнастикалық орындық үстінде жүріп, допты жоғары лақтырып және екі қолымен қағып алады. Жылдамдық және епті ліктерін дамытып, гимнастикалық орындық үстінде жүріп жаттыға алады.Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүре алады.	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Біз қалай өсеміз»** **Мақсаты:** Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта алады. Өлең жолдары арқылы ой-өрісін дамытып, денсаулығын күтіп,түрлі жаттығулар жасай алады. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Қуыршақ бізге қонаққа келді»** Үлгі бойынша балалар ойыншықтарды сипаттай білу білігін жетілдіре алады. Эстетикалық талғамын арттырып, өз ойын еркін жеткізіп, жаңа сөздерді дұрыс меңгеріп, қонақжайлылық көрсете алады.	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Күзгі еңбек құралдары»** **Мақсаты:** Күзгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай біле алады. Олардың қажеттілігі мен қолданылынуын түсініп еңбек әрекетінде білу іскерліктерін дамыта алады. Ересектердің еңбегіне қызығып, нәтижелеріне ұқыпты қарай алады. **2. Математика негіздері.** **Тақырыбы:«Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу»** **Мақсаты:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті тауып, заттарды санау қабілетін күшейте алады (5саны көлемінде). Заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстырып, осы сөздерді сөйлеу барысында қолданып, заттардың ұқсас белгілерін тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыра алады.	**1. Сурет салу** **Тақырыбы:«Түрлі түсті шарлар»** **Мақсаты:** Сурет салуды, түстерді атай білуді үйрене алады. Жоғарыдан төмен қарай сызу арқылы суретін салуды, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрене алады. Пішіндерді атап, ажырата біліп, есте сақтау қабілетін дамытып, достық, әдемілік, әдептілік көрсете алады. **2. Музыка** **Тақырыбы:** **«Денсаулықтың маңыздылығы»** **Мақсаты:** Денсаулықтың маңыздылығынтүсіне отырып, ән-күйлерді тыңдап, қабылдап, есте сақтап және музыкалық жанрды ажырата біле алады. Көңілді музыкалық дыбыстарға ілесіп отырып, ән мен биді мәнерлі, жеңіл қозғала орындай алады. Әуеннің жанрын ажырата алады.	

	3. Дене шынықтыру **Тақырыбы:«Жылан ша» жүру, жүгіру** **Мақсаты:** «Жыланша» жүруге және жүгіруге жаттыға алады. Доппен жаттығулар жасай алады.		Геометриялық фигураларды дұрыс атап, ұқыптылық көрсете алады. **3. Құрастыру** **Тақырыбы: «Ағаштар»** **Мақсаты:** Шаршы қағаздарды қиғаш және тең екі бөлікке бүктей алады. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, саусақтарының икемділіктерін арттырып, ағаштар туралы білімдерін қалыптастыра алады. Ағаштарға қамқорлық жасай біле алады.	**3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:«Доп»** **Мақсаты:** Тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік алады. Әртүрлі пішінді доптарды, ермексазды домалақтау әдісі арқылы мүсіндей алады. Ұсақ қол қимыл-қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыта алады. Достықта, бірлесіп жұмыс істей біле алады. **4. Музыка** Педагог жоспары бойынша	
4 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Баскетбол ойынының элементтері** **Мақсаты:** Баскетбол ойынының элементтері: Допты екі колмен қағып алып,допты еденге соғып, жүргізушіні ауыстырып, әртүрлі бағытта жүре алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Допты домалату»** **Мақсаты:** Допты домалату:	**1. Орыс тілі** (Орыс тілі жетекшілігімен) **Тема: «Детский сад»** **Цель:** Активизировать в речи слова по теме «детский сад», называть глаголы «сидеть», «стоять», выполнять действия; развивать артикуляционный аппарат, выделять при произношении слова ударный слог в слове, поощрять детей в правильном и отчетливом произношении звука «А»; воспитывать	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Күз. Күзгі ағаштар»** **Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылап,карапайым өзгерістерді атай алады. Емен және үйеңкі ағашымен таныса алады. Емен және үйеңкі ағашының жапырақтарымен діңінің ерекшелігіне қарап, басқа ағаштардан ажыратып, атай алады. Құрдастарын сыйлап, ұйымшылдық көрсете алады.	**1. Сурет салу** **Тақырыбы: «Күз бейнесі»** **Мақсаты:** Табиғатты бейнелеу жанрымен танысып, күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын суретте бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыра алады. Суретке мазмұн бере біліп, жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне сала алады. Жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із	**1. Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:«Гүлзардағы раушангүл»** **Мақсаты:** Гүлзардағы раушангүлін танып,басқа гүлдерден айырмашылығын айтып бере алады. Гүлзарда өсетін өсімдіктер туралы түсініктері кеңейіп, гүлзардағы гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбие алады.

	Шашырап жүріп және жүгіре алады.Бір-біріне допты домалатып, доғаның астынан еңбектеп өте алады. **3. Дене шынықтыру Тақырыбы:Орташа деңгейде жүгіру, доппен жаттығулар жасау** **Мақсаты:** Орташа деңгейде жүгіріп, доппен жаттығулар жасап, секірген кезде тепе-теңдікті сақтай алады.	**2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көжекпен ойнайық»** **Мақсаты:** Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрене алады. Дыбысты анық айтуға дағдыланып, ойлау қабілеттерін дамытып, жануарларға деген сүйіспеншілігін таныта алады.	**2. Математика негіздері. Тақырыбы: «Заттарды санау»** **Мақсаты:** Заттарды санап, екі топтағы заттарды санап, саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қоса алады. Әртүрлі бірақ саны жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіре алады. Тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайтып, заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды жалғастыра (сол жағында, ортасында, оң жағында) алады.	қалдырып, көлденеңінен жағу әдісін пайдалану іскерліктерін дамытып, Отанды,табиғатты қорғай алады. **2.Музыка** Педагог жоспары бойынша	

Перспективалық жоспар

Білім беру салалары	Денсаулық Дене шынықтыру-3.0	Қатынас Көркем әдебиет- 0,5 (1-3) Орыс тілі- 0,5 (2-4) Сөйлеуді дамыту- 1,0	Таным Жаратылыстану-1.0 Математика негіздері- 1,0 Құрастыру-0,5 (1-3)	Шығармашылық Сурет- 1,0 Жапсыру- 0,25 (1) Мүсіндеу- 0,25 (3) Музыка -1,5	Әлеумет Қорш.орта.тан.-0,5 (2-4)
Өтпелі тақырып	«Менің отбасым» **Мақсаты:** Балалардың Отбасы құндылығы туралы түсініктерін қалыптастыру, оны сүйе білуге,отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету. **Міндеттері:** Ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру.Үлкенді сыйлау туралы ой-өрісін дамыту.отбасына деген сүйіспеншілікті арттыру, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.				
Жасы	Ортаңғы топ (3-4 жас), бірінші жартыжылдық				
Айы,жылы	Қазан айы, 2021жыл				
1 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Қапшықты нысанаға лақтыру** **Мақсаты:** Қапшықты нысанаға лақтырып, гимнастикалық баспалдақпен өрмелей алады. Көзбен мөлшерлей білуді дамытып, спортқа деген қызығушылықтар көрсете алады.	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:«Отбасындағы сыйластық»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс айтуға, сәлемдесіп, қоштасуға үйреніп, сөздік қорын байыта отырып, ой-өрісін дамыта алады. Отбасында үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық керектігін айтқызу арқылы инабаттылықтәрбие алады. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Ит және оның күшіктері»**	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Күз кереметтері»** **Мақсаты:** Мезгіл өзгерістеріне байланысты өсетін көкөністер мен жемістер туралы түсінік алады. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, табиғатқа деген сүйіспеншілік көрсете алады. **2. Математика негіздері.** **Тақырыбы: «1цифры және санымен танысу.Сол**	**1.Сурет салу** **Тақырыбы: «Әжемнің камзолы»** **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімі - камзолмен танысып, оны ою-өрнектермен әшекейлей біле алады. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылығы артып, көркемдік талғамы дамып, өрнектерді дұрыс орналастыра біле алады. Оның суретін салу жолдарын меңгеріп, үлкенді құрметтеп,	----------

	2. Дене шынықтыру **Тақырыбы:Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар** **Мақсаты:** Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар ойнай алады. Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай топтасып ойнай алады. Қоршаған орта туралы көзқарастары кеңейіп, дене шынықтыруға қызығушылық таныта алады. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Бір-біріне допты дәлдеп лақтыру** **Мақсаты:** Бір-біріне допты дәлдеп лақтырып, шығыршық ішімен өтіп, жеңіл жүгіре алады. Жаттығулар жасау арқылы зейінін, ептілігін дамытып, спортқа деген	**Мақсаты:** Сурет мазмұнына қарай әңгіме құру білігін жетілдіріп, сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыта алады. Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттырып,оларға қамқорлық жасай алады.	**жағында, оң жағында.** **Шеңбер мен шаршы туралы өткенді пысықтау»** **Мақсаты:** Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешіп, 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныса алады.Өзге сандар арасынан 1цифрын тауып, заттардың орналасуынөзіне қатысты тұрғыда анықтап, ұқыптылық таныта алады. **3. Құрастыру** **Тақырыбы:«Үйлер»** **Мақсаты:** Үй құрастыру арқылы үйдің бір және бірнеше қабатты түрлерімен және олардың бөліктерімен таныса алады. Құрастыра білуге үйреніп және бөлшектерді бекітіп, құрылыстарды құру тәсілдерін жетілдіре алады.Ретімен санап, құрдастарына деген сыйластық тәрбие алады. Біріздікпен жұмыс жасап, ұқыптылық көрсете алады.	әсемдікті сезіне білуге тәрбие алады. **2.Музыка** Педагог жоспары бойынша **3. Жапсыру** **Тақырыбы: «Бауырсақ»** **Мақсаты:** Шаршыдан дөңгелектерді қиюға үйреніп, жұмысты соңына дейін бітіруге дағдылана алады. Шығармашылық ойыдамып, халық ертегілеріне деген қызығушылық байқата алады. **4. Музыка** Педагог жоспары бойынша	

	қызығушылық таныта алады.				
2 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Жіптің астынан еңбектеп өту** **Мақсаты:** Жіптің астынан еңбектеп өтіп, басты жіпке тигізбей жіптің астынан еңбектеп өте алады. Арқан арқылы секіріп, спортқа деген қызығушылық көрсете алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Доппен жұмыс** **Мақсаты:** Доппен жұмыс, бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыра алады. Қолды әртүрлі бағытта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүре алады. Ойындарды ойнап, жаттығуларды орындап, қызығушылық таныта алады.	**1. Орыс тілі** (Орыс тілі жетекшілігімен) **Тема:«Мои игрушки»** **Цель:**Обучать детей умению слушать, запоминать названия игрушек, понимать вопрос и отвечать на него на русском языке; развивать артикуляционный аппарат, произносить гласные звуки «У», «Ы»; воспитывать бережное отношение к игрушкам. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Бау-бақшада, бақтарда»** **Мақсаты:** Балалар сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін сөздермен байытып, көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікбілдіретін сөздерді біле алады. Дыбыстарды анық айтып, сөздік қорын дамытып, еңбексүйгіштік, Отанға деген сүйіспеншілік көрсете алады.	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы:«Әжемізде қонақта»** **Мақсаты:** Жануарлардың қайда тұратынын, қандай дыбыс шығаратынын, олардың немен қоректенетінін біле алады.Балалардың үй жануарлары туралы білімдері кеңейіп, жануарларға қамқорлық жасай алады. **2. Математика негіздері** **Тақырыбы: «1циры мен саны туралы өткенді пысықтау. Үлкен, кіші, кішкентай. Үшбұрыш(өзге фигуралар арасынан табу)»** **Мақсаты:** 1 циры туралы біліп, цифрды заттың санымен сәйкестендіре алады. Таныс заттарды көлеміне қарай салыстырып, заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге дағдылана алады. Үшбұрыш туралы білімдері нығайып, геометриялық фигураларды танып, тапқырлық таныта алады.	**1. Сурет салу** **Тақырыбы: «Үйдің суретін саламыз»** **Мақсаты:** Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыра алады. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыра алады. Үлкендерді сыйлауға тәрбие алады. **2. Музыка** Педагог жоспары бойынша	**1. Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:«Менің отбасым»** **Мақсаты:** Өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынта білдіре алады.Әңгімелесу барысында амандасу, қоштасу, алғыс айту секілді әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерін қолдана алады. Ұйымшылдыққа, үлкенді сыйлауға тәрбие алады.

	3. Дене шынықтыру **Тақырыбы: Белгі бойынша тоқтап, жүру және жүгіру** **Мақсаты:** Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүріп және жүгіре алады. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтырып, заттар арасында еңбектеп жүре алады. Спортқа деген қызығушылық таныта алады.				
3 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Саппен жүру және жүгіру** **Мақсаты:** Саппенжүріп және жүгіріп, сапты сақтай отырып, бірінің артынан бірі жүріп, жүгіре алады. Жіп бойымен жүріп, жылдамдық және ептіліктерін дамыта	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:«Атасының ақылы»** **Мақсаты:** Әңгімені тыңдап, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөле алады. Шығарманы эмоционалды қабылдай білу біліктіліктерін дамытып, қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді ұғына алады. **2. Сөйлеуді дамыту**	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Бөлме гүлі»** **Мақсаты:** Бөлме гүлін бақылап, олар туралы өздері ой қорытындылап, бөлме гүлдерін атап, ажырату іскерліктерін дамытып, гүлдерді күтіп, баптай алады. **2. Математика негіздері** **Тақырыбы:«2цифры және санымен танысу. Қысқа, ұзын.Сопақша»**	**1. Сурет салу** **Тақырыбы:«Атамның тақиясы»** **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық баскиімі – тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрене алады. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамытып, ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп,	---------

	алады. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтаны та алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** **Орташа деңгейде жүгіру , түрлі ойын-жаттығуларын жасау** **Мақсаты:** Орташа деңгейде жүгіріп, түрлі ойын-жаттығуларын жасай алады.Зейінін, ептілігін дамытып, спортқа деген қызығушылық көрсете алады. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** **Гимнастикалық орындық үстінде жүру, допты қағып алу, лақтыру.** **Мақсаты:** Гимнастикалық орындық үстінде	**Тақырыбы:«Күз»** **Мақсаты:** Хабарлы сөйлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай әңгіме құрай алады. Айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыта алады. Елін, жерін, сүюге тәрбие алады.	**Мақсаты:** 2 саны және цифрымен танысып, 2цифрын жазып үйрене алады. Геометриялық пішіндер арасынан таныс пішіндерін атап, таныс заттарды көлеміне, ұзындығына қарай салыстырып, тапқырлық, ұйымшылдық таныта алады. **3. Құрастыру** **Тақырыбы:** **«Жапырақтардан жасалған балықтар»** **Мақсаты:** Су асты патшалығы жайлы білімдері кеңейіп, су жәндіктерін жапырақтан жасалу жолдарын көре отырып, балықтың бөліктерімен таныса алады. Күз мезгілінін ерекшеліктері туралы түсініктерікенейіп, табиғатты қорғап, ластамай, тазалықты сақтауға тәрбие алады.	қабылдай білуге тәрбие алады. **2. Музыка** Педагог жоспары бойынша **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:«Әжеге арналған сыйлық»** **Мақсаты:** Нанның қасиеті туралы әңгіме тыңдап, оның дастарқанға қойылғанша қандай жолменалынатыны,дайын далатыны жайлы балалар түсінік алады. Нанның түрлерін, әртүрлі домалақ, сопақша пішіндерін мүсіндей алады. Нанды қастерлеп, отбасы мүшелеріне құрметпен қарай алады. **4 . Музыка** Педагог жоспары бойынша	

	жүріп, допты жоғары лақтырып және екі қолымен қағып алады. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүре алады.				
4 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Аттап жүру:Шашырап, жұптасып жүру мен жүгіру** **Мақсаты:** Аттап жүріп, шашырап, жұптасып жүріп, жүгіре алады. Жіптерден, таяқшалардан аттап жүре(ауыспалы қадам) алады. Ауыспалы қадам жіптерден, таяқшалардан аттап жүре алады. Жылдамдық және епті ліктерін дамытып, ойын барысында ынтымақтастық таныта алады. **2. Дене шынықтыру**	**1. Орыс тілі** (Орыс тілі жетекшілігімен) **Тема: «Осень»** **Цель:** Учить называть время года – осень; развивать зрительное восприятие, внимание, память, закреплять умение произносить гласные звуки «О», «А», «У» изолированно, в слоговых сочетаниях; воспитывать интерес к природе. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «З» және «С» дыбыстары** **Мақсаты:** Балалар «з» және «с» дыбыстарының дұрыс жазылуын көріп, барлық дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктіліктерін дамыта алады. Ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыланып, әдептілік таныта алады.	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Балапан»** **Мақсаты:** Жапырақтарды пайдаланып балапанның бейнесін жасай білуге үйреніп, көркем безендіру арқылы ой қиялын дамытып, балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбие алады. **2. Математика негіздері** **Тақырыбы: «2цифры мен саны туралы өткенді пысықтау. Жақын, алыс»** **Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйреніп, «алыс», «жақын» түсініктерін айыра білуге үйрене алады. «Кеше», «бүгін», «ертең» түсініктерін айыра білу іскерліктерін дамытып, топпен жұмыс жасауға, ізденімпаздыққа тәрбие алады.	**1. Сурет салу** **Тақырыбы: «Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды»** **Мақсаты:** Қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастырып, дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрене алады.. Екі түрлі қылқаламмен жұмыс жасап, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамытып, ұқыптылық көрсете алады. **2. Музыка** Педагог жоспары бойынша	**1. Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:«Пияз отырғызу»** **Мақсаты:** Пияздың әртүрлі болатындығын, өсуі, тұқымы туралы түсінік алып, өсімдікті отырғызудың және себудің жолдарын көре отырып, өсімдіктерді өсіріп баптау іскерліктерін дамыта алады.

	Тақырыбы: Аттракциондар: Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнау,ойын ережелерін сақтау **Мақсаты:** Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнап, ойын барысында ынтымақтастық, жылдамдық жәнеептіліктерін таныта алады. Ойын ережелерін сақтап, бірлесіп тату ойнай алады. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Саппен жүру және жүгіру** **Мақсаты:** Саппенжүріп және жүгіріп,сапты сақтап, бірінің артынан бірі жүріп және жүгіре алады. Жіп бойымен жүріп, жылдамдығы менептілігін дамыта алады.				

Перспективалық жоспар

Білім беру салалары	Денсаулық Дене шынықтыру-3.0	Қатынас Көркем әдебиет- 0,5 (1-3) Орыс тілі- 0,5 (2-4) Сөйлеуді дамыту- 1,0	Таным Жаратылыстану-1.0 Математика негіздері- 1,0 Құрастыру-0,5 (1-3)	Шығармашылық Сурет- 1,0 Жапсыру- 0,25 (1) Мүсіндеу- 0,25 (3) Музыка -1,5	Әлеумет Қорш.орта.тан.-0,5 (2-4)
Өтпелі тақырып	«Дені саудың жаны сау» **Мақсаты:** : Балаларға денсаулықтың зор байлық екендігін түсіндіру.Балалардың сұлулыққа , әсемдікке деген сүйіспеншілігін арттыру. **Міндеттері:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа баулу.				
Жасы	Ортаңғы топ (3-4 жас), бірінші жартыжылдық				
Айы,жылы	Қараша айы, 2021жыл				
1 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Қапшықты нысанаға лақтыру.Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеу.** **Мақсаты:** Қапшықты нысанаға лақтыра алады. Көзбен мөлшерлеп, гимнастикалық баспалдақпен өрмелей алады. Спортқа деген	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:«Алтын дән»** К. Ахметов **Мақсаты:** Еңбекке қызығушылығы қалыптасып және оның нәтижелерін қадірлей алады. Сөздік қоры байып, ой-өрісін және еңбексүйгіштігін, үлкендер еңбегін бағалайтынын айта алады. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Кішкентай бағбаншы»** (М.Төрежановтың әңгімесін	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Нан қайдан келді»** **Мақсаты:** Бидайды өсіру барысымен таныса алады. Нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік алады. Қаладағы және ауылдағы адамдардың еңбегінің мазмұнына назарларын аудара алады. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін таныта алады. Адамдардың еңбегіне құрметпен қарап, нанды қастерлей біле алады.	**1.Сурет салу** **Тақырыбы:** **«Апельсиндер мен лимондар»** **Мақсаты:** Апелсиндер мен лимондардың адам денсаулығына пайдасы туралы мағлұмат алады.Пішіні дөңгелек және сопақ, көлемдері әр түрлі заттардың суретін сала алады. Оларды бейнелеу үшін түстерді таңдап, қылқаламды ұқыпты пайдалана алады.	--------

	қызығушылықтар таныта алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар** **Мақсаты:** Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балалар топтасып ойнай алады. Қоршаған орта туралы көзқарастары кеңейіп, тереңдеп және дене шынықтыруға қызығушылығын таныта алады. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Бір-біріне допты дәлдеп лақтыру, шығыршық ішімен өту, жеңіл жүгіру** **Мақсаты:** Бір-біріне допты дәлдеп лақтыра алады. Шығыршық ішімен өтіп, жеңіл жүгіре алады, Жаттығулар жасап,	әңгімелеу) **Мақсаты:** Мәтінді мән-мағынасын бұзбай әңгімелеп, сын есім мен зат есімнен туған сөздердің дыбысталуына қарай көңілдерін аудара алады. Дыбыстардыдұрыс айта алады.	**2. Математика негіздері.** **Тақырыбы: «Тар - кең»** **Мақсаты:** Заттарды ені бойынша салыстыра алады. 2-ге дейін санап, заттардың барлығын санмен сәйкестіре алады. Заттардың ені бойынша ұқсастықтары мен ерекшеліктерін таба алады. Өзге сандар арасынан 2 цифрын тауып, үлестірмелі құралдарды ұқыпты пайдалана алады. **3. Құрастыру** **Тақырыбы:«Жүзім»** **Мақсаты:** Қағазбен жұмыс жасай алады. Қағазды умаждау тәсілі арқылы жүзімді жасай алады. Ұсақ қол моторокасын дамыта отырып, ұқыпты жұмыс жасай алады.	**2.Музыка** **Тақырыбы:**«Педагог жоспары бойынша **3. Жапсыру** **Тақырыбы: «Піскен алмалар»** **Мақсаты:** Домалақ пішін туралы білім алады. Домалақ пішінді алу үшіншаршының бұрыштарын кесіп алады. Қайшыны дұрыс ұстап және кесіп, қағаз бетінде заттардың суретін құрып, оларды мұқият жапсыра алады. Бастаған ісін соңына дейін жеткізе алады. **4 . Музыка** Педагог жоспары бойынша	

	зейінін, ептілігін, спортқа деген қызығушылығын таныта алады.				
2 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** **Жіптің астынан еңбектеп өту** **Мақсаты:** Басты жіпке тигізбей жіптің астынан еңбектеп өтеалады. Жылдамдық және ептіліктерін танытып,.аркан арқылы секіре алады. Спортқа деген қызығушылықтарын таныта алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** **Доппен жұмыс** **Мақсаты:** Бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыра алады. Қолды әртүрлі бағытта ұстап, қапшықты басқа қойып , жіптің үстімен жүре	**1. Орыс тілі** (Орыс тілі жетекшілігімен) **Тема:«Овощи»** **Цель:** Учить называть овощи; развивать речь, внимание, память; воспитывать устойчивый интерес к изучению русского языка. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Қонақтарды күтеміз»** (дидактикалық ойын) **Мақсаты:** Затты топтастыра суреттей алады (ыдыстар: ас үйлік, асханалық), олардың атқару қызметін ұғына алады. Сөздік қорды жаңа сөздермен байыта алады.Ұқыптылық, қонақжайлық таныта алады.	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы«Табиғат бұрышындағы су патшалығы»** (табиғат бұрышын бақылау) **Мақсаты:** Жануарлардың қайда тұратынын, қандай дыбыс шығаратынын, олардың немен коректенетінін біле алады. Үй жануарлары туралы білімдері кеңейіп, жануарларға қамқорлық жасай алады. **2. Математика негіздері** **Тақырыбы: «3 саны мен цифры»** **Мақсаты:** Құрамында 2 және 2, 2 және 3 заттар бар топтарды салыстырып, заттардың санын атап, теңдік және теңсіздікті орната алады. 3 саны мен цифрымен танысып, кеңістікте бағдарлай алады. Заттарды белгілері бойынша біріктіре (үлкен, кіші,үшбұрыш, т.б) алады. Геометриялық фигураларды	**1. Сурет салу** **Тақырыбы: «Күн сәулелері»** (жылы түсті реңктер, жарқылдар) **Мақсаты:** Күн сәулелерін дұрыс орналастырып, бейнелеп, сурет салу үшін түстердің жылы реңктерін таңдай алады. Күн сәулелерінің адам өміріндегі, табиғаттағы пайдасы туралы түсінік алады. Табиғатты ластамау, тазалықты сақтау керек екенін ұғына алады. **2. Музыка** Педагог жоспары бойынша	**1. Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** **«Менің іс – әрекеттерім»** (ой бөлісу, әр түрлі жағдаяттарды ойнау) **Мақсаты:** Өзінің жақсы іс-әрекеттері туралы,олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталана алады. Қимыл, іс-әрекет, ортаның пікір қалыптастыруға, бағасын беруге бірден-бір негіз болатыны жайлы түсінік алады. Ұйымшылдық көрсетіп, үлкенді сыйлай алады.

	алады. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын таныта алады. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Орташа деңгейде жүгіру, түрлі ойын-жаттығуларын жасау** **Мақсаты:** Орташа деңгейде жүгіріп, түрлі ойын-жаттығуларын жасай алады.Зейінін, ептілігін дамытып, спортқа деген қызығушылықтарын таныта алады.		тани алады.		
3 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** **Саппен жүру және жүгіру. Жіп бойымен жүру** **Мақсаты:** Сапты сақтай отырып, бірінің артынан бірі жүріп, жүгіре	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** **«Қайырымды бала»** Б. Данабеков **Мақсаты:** Ер адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалай алады.Өзге адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Қоңыр күз» **Мақсаты:** Қоңыр күздің ерекшеліктерімен таныса алады. Ой қиялын, есте сақтау қабілеттерін дамытып, табиғаттағы өзгерістерге қызығушылығын таныта	**1. Сурет салу** **Тақырыбы:«Қоңыр күз»** **Мақсаты:** **Т**үрлі – түсті бояуларды пайдаланып, суреттей біле алады. Ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыта отырып, түс үйлесімділігі мен ырғақты сезіне алады. Әсемдікті	----------

	алады. Жылдамдық және ептіліктерін көрсете алады. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын таныта алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Белгі бойынша тоқтап, жүру және жүгіру** **Мақсаты:** Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүріп және жүгіре алады. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды көзбен мөлшерлей лақтырып, заттар арасында еңбектеп жүре алады. Спортқа деген қызығушылық таныта алады. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:Жүгіруге, секіруге арналған ойын-жаттығулар, доптарды дәлдеп**	ниеттерін таныта алады. Сөздік қорын, ой-өрісін, қайырымдылығын, кішіпейілділігінкөрсете алады. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Бізде қонжық қонақта»** (ойын-сахналау) **Мақсаты:** Шағын тақпақтарды жатқа оқып, дыбыстау көркемдігіне көңіл аудара алады. Кейіпкерлер бейнесін сомдауда көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдану үшін, тілдерін дамыту үшін тәрбиешіні қайталай алады. Ұқыптылық пен сыпайылылық,қонақжайлық көрсете алады.	алады. **2. Математика негіздері.** **Тақырыбы:«Алдында-артында, сол жақта- оң жақта»** **Мақсаты:** Өзіне қатысты (алдында, артында, оң және сол жағында) заттардың бағыты мен орналасуын анықтай алады. 3 саны шамасына дейін санақ жүргізіп, сандық қима қағаздар неше шеңбер болса, сонша ойыншықтарды таба алады. Геометриялық пішіндер арасынанн таныс пішіндерін атай алады. Таныс заттарды көлеміне, ұзындығына қарай салыстырып, тапқырлық, ұйымшылдық көрсете аалады. **3. Құрастыру** **Тақырыбы:«Саңырауқұлақтар»** **Мақсаты:** Саңырауқұлақтар туралы, олардыңадам ағзаға пайдасы туралы біле алады. Саңырауқұлақтарды табиғи материалдардан жасай алады. Ұсақ қол моторокасын дамытып, табиғатқа қамқорлық жасай біле	көріп, қабылдай біле алады. **2. Музыка** Педагог жоспары бойынша **3. Мүсіндеу** **Тақырыбы:«Алма мен алмұрт»** **Мақсаты:** Жемістер туралы, олардың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік алып, ермексазды домалақтау, созу тәсілдерін қайталай алады. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіріп және асты қастерлеп, құрметпен қарай алады. **4. Музыка** Педагог жоспары бойынша	

	алысқа лақтыру **Мақсаты:** Доптарды дәлдеп алысқа лақтыра алады. Жүгіруге, секіруге арналған ойын-жаттығуларды дұрыс орындай алады.Зейінін, қызығушылығын, ептілігін таныта алады.		алады.		
4 апта	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Аттап жүру** **Мақсаты:** Жіптерден, таяқшалардан аттап жүре алады. Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттыға алады. Ойын барысында жылдамдық, ептілік, ынтымақтастықтан ыта алады. **2. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Аттракциондар** **Мақсаты:** Қимыл-қозғалыс ойындарын	**1. Орыс тілі** (Орыс тілі жетекшілігімен) **Тема: «Фрукты»** **Цель:** Учить называть фрукты; развивать умение произносить гласные звуки «О», «А», «У» изолированно, в слоговых сочетаниях; развивать речь, внимание, память; воспитывать устойчивый интерес к изучению русского языка. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Ц» және «Ч» Сөйлеудегі дыбыстау мәдениеті** **Мақсаты:** Дара алынған «Ц» және «Ч» дыбыстарының артикуляциясын буындар мен сөздерде көріп, тыныс ала дыбыстауды, дауыс күші мен дыбыс екпінін өзгерте біле алады. Ақырын	**1. Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Бөлме гүлі»** **Мақсаты:** Бөлме гүлін бақылап, олар туралы өздері ой қорытындылай алады.Гүлдердің адам денсаулығына пайдасы туралы мағлұмат алады. Бөлме гүлдерін атап, ажырату іскерліктерін дамытып, гүлдерді күтіп, баптауға атсалыса алады. **2. Математика негіздері.** **Тақырыбы: «1,2,3 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Биік, аласа, алыс, жақын»** 1,2,3 цифрларды заттың санымен сәйкестендіріп, «биік, аласа, алыс, жақын» түсініктерін айыра біле алады. Бір-біріне ұқсас заттардан 3 көлеміндегі	**1. Сурет салу** **Тақырыбы:** **«Үлкен және кішкентай сәбіз»** **Мақсаты:** Сәбіздің суретін салып,түстер мен ырғақты сезіне біле алады. Сопақша пішіннен бейне жасап, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыта алады. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай біле алады. **2. Музыка** Педагог жоспары бойынша	**1. Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:«Қоңыр күз»** Күз айының қасиеттері туралы түсініктері кеңейіп,табиғатта, ауа райында, өсімдік әлемінде, адамдардың киімінде қарапайым маусымдық өзгерістерді байқай алады. Ауа райының жағдайын (күн, жаңбыр, тұман түсу) бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесінде белгілей алады.